

Мәслихаттың 2023 жылғы 13 қазандағы № 67 "Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы № 115 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Меңдіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2023 жылғы 13 қазандағы № 67 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі тақырып өзгермейді:

"Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Қ. Рахметқалиев

Мәслихаттың
2024 жылғы 14 мамырдағы
№ 115 шешіміне
қосымша
Мәслихаттың
2023 жылғы 13 қазандағы
№ 67 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

--	--

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің Қасқат ауылының тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің Көктерек ауылының тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округінің Шиелі ауылының тұрғындары үшін	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК